

## Фосфор кәсіпорындарының мүлкін сату жөніндегі инвестициялық тендердің нәтижелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 8 мамырдағы N 414

Фосфор саласын қаржы-экономикалық сауықтыру, әлеуметтік проблемаларды шешу және шетелдік инвестицияларды тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Фосфор кәсіпорындары ("Қаратау" АҚ (Жаңатас қаласы), "Нодфос" АҚ (Тараз қаласы), "Суперфосфат зауыты" АҚ (Тараз қаласы) және "Өнеркәсіпкөлік" АҚ (Тараз қаласы) мүлкінің бір бөлігін сату жөніндегі ашық инвестициялық тендердің нәтижесі б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан және оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті мен "Тексуна Кемиклз Инк." компаниясының арасында жасалған 1998 жылғы 24 наурыздағы Мемлекеттік мүлікті сатып алу-сату шарты м а қ ұ л д а н с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен Ақсай, Көксу, Жаңатас, Шилібұлақ, Шолақтау және Көкжон кен орындарында жер қойнауын пайдалану және фосфорлы руда өндіру құқығына арналған тиісті лицензияларды "Тексуна Кемиклз Инк." компаниясына қайта р е с і м д е с і н .

4. Қазақстан Республикасының министрліктері мен өзге де орталық атқарушы органдары, Жамбыл облысының әкімі белгіленген тәртіппен:

мүмкіндігінше қысқа мерзімдерде "Тексуна Кемиклз Инк." компаниясына жасалған Шартта көзделген өкілеттіктерді, рұқсаттарды, лицензияларды берсін, сондай-ақ тиісті тіркеу мен қайта тіркеуді жүзеге асырсын және Шартты іске асыру үшін қажетті өзге де актілерді жасасын.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.31. N 485 қаулысымен. P 0 0 0 4 8 5 \_

5. Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері мен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті белгіленген тәртіппен және жасалған Шарттың талаптарына орай "Тексуна Кемиклз Инк." компаниясына жер учаскелеріне арналған тиісті құқықтар б е р с і н .

6. Жамбыл облысының әкімі мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің

Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігі 1998 жылдың 20 мамырына дейін мерзімде жасалған Шарт бойынша "Тексуна Кемиклз Инк." компаниясына берілген жылжымайтын мүлікті тіркеуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК